КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

11 қыркүйек 2023 жыл №4712-23-00-2/2177 ісі Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Тленов,
сот отырысының хатшысы А.Әбжатованың қатысуымен,
ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық іс қаралды:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«АПА Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі М.М.Елеусинов,
Жауапкер өкілі П.П.Лопарев,
Аудармашы А.Смат

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» шарты жасақталған. Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіден өтініш түскеннен кейінгі 16 күнтізбелік күн ішінде тауарларды жеткізуі тиіс болған. Талап қоюшы жауапкерге веб-портал арқылы тауарларды толық көлемде жеткізуге 06.06.2023 ж. өтініш берген. Тауарды жеткізудің соңғы күні 22.06.2023 ж. тауар тиісті мерзімде жеткізілмегендіктен 23.06.2023 ж. жауапкерге шартты бұзу туралы хабарлама жолданған. Талап қоюшы сотқа жоғарыдағыларды көрсете отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айып өндіруді сұрап талап қою арыз келтірген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қою арызды қуаттап, жауапкердің шарт міндеттемесін орындамауына байланысты, жылу желісіне арналған құбырды сатып алуға қайталап мемлекеттік сатып алу жарияланғанын, жауапкер тұрақсыздық айыпты толық өтегенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, шартты орындауды және талапкерге тауар жеткізуді көздеп, талапкерге тауарды жеткізу үшін тауарды талапкерге жеткізетін жүк көлік құралын жалдағанын, талапкерге тауарды жеткізу кезінде форс-мажорлық жағдайлар туындағанын, тауарды жеткізуді жүзеге асыратын көліктің бұзылғанын, тиісті тұрақсыздық айып сомасын төлегенін, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану компанияны коммерциялық қызмет жүргізу мүмкіндігінен айыратынын, 12 қызметкерді табыс көзінен айыратынын ескеріп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот, тараптардың пікірлерін тыңдап, азаматтық іс құжаттарын зерттеп, төмендегідей қорытындыға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1) ТАЛАП БОЙЫНША:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4,5 тармақтарына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші өздеріне әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Іс құжаттарынан анықталғаны, талап қоюшы мен жауапкер арасында 08.05.2023 жылы «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» №599 шарты жасақталған. Шарт талаптары бойынша жауапкер жауапкер тапсырыс берушіден өтініш түскеннен кейінгі 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни

Документ подписан: Тленов А. Ш., 15.09.2023
Дата вступления в законную силу: 07.11.2023, судья Тленов А. Ш., 18.11.2023
4712-23-3-1/2092

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

11.11.2022 ж. дейін 150 метрлік жылу желісіне арналған құбырды жеткізуі тиіс болған.

Талап қоюшы веб-портал арқылы 06.06.2023 жылы тауарларды толық жеткізуге өтініш берген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін орындамаған.

Талап қоюшы жауапкерге дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінде 23.06.2023 ж.шартты бұзу туралы хабарлама жолдаған.

Сонымен қатар, талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға заңмен белгіленген мерзімі өткізілмеген.

Демек, сот талап қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) ТАЛАП БОЙЫНША:

08.09.2023 жылғы №446 төлем тапсырмасына сай тұрақсыздық айып сомасы толық төленген.

Бұл жағдайда, сот талап қоюшының талабы ішінара қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

ҚР-ның АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «АПА Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін талабы – ішінара қанағаттандырылсын.

«АПА Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«АПА Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы - өндірілсін.

Талап қою арыздың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер

Документ подписан: Тленов А. Ш., 15.09.2023

Дата вступления в законную силу: 07.11.2023, судья Тленов А. Ш., 18.11.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат беруге құқылы.

Судья А.Ш.Тленов

Документ подписан: Тленов А. Ш., 15.09.2023

Дата вступления в законную силу: 07.11.2023, судья Тленов А. Ш., 18.11.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

4712-23-3-1/2092